


1 2005  
5759

Адебиет жемчужина

ШАКЕР АЙМАНОВ  
туралы естепіктер











ШАКЕН АЙМАХОВ  
тұралы естепіктер



Алматы “Білім” 2004

**ББК 84 Қаз 7  
А 31**

**Құрастырушылар:  
Кәүкен Кенжетаев, Рақымбай Сатаев**

**А 31 Шәкен Айманов туралы естеліктер /Құраст.: К.Кенжетаев, Р.Сатаев. — Алматы: “Білім”, 2004. — 224 бет.**

**ISBN 9965-09-297-4**

Бұл кітапта Қазақстан Республикасының халық өртісі, Шыңғыс Айтматов атындағы Халықаралық жөнне “Тарлан” сыйлықтарының лауреаты, профессор, Шәкениң інісі Кәүкен (Әбдірахим) Кенжетаев пен КСРО, Қазақстан Республикасының халық өртісі, КСРО, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты Асанолі Әшімұлы жөнне басқа Шокеймен қызметтес, үзенçгіес болған белгілі азаматтар, галымдар, қоғам қайраткерлері — КСРО халық өртісі, КСРО жөнне Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты, аты аңызға айналған актер, режиссер Шәкен Кенжетайұлы Аймановтың балалық шагы мен омір жолы туралы сыр шертеді.

*Кітап көпшілік қауымға ариалған.*

**A 4702250204  
412(05)-04**

**ББК 84 Қаз 7**

**ISBN 9965-09-297-4**

© Кенжетаев К.,  
Сатаев Р. (құраст.) 2004  
© “Білім” баспасы, 2004

*Кәүкен (Әбдірахим) Кенжетаев,  
Қазақстан Республикасының халық әртісі, Шыңғыс  
Айтматов атындағы Халықаралық және “Тарлан”  
сыйлықтарының лауреаты, профессор, Шәкениң інісі*

## Жасынан онер қысып жылаушы еді...

Біз бір ана, бір атадан Әбдікәрім, Шахкәрім, Әбдірахим есімді үш ағайындымыз. Ақбет таудың күн батыс жақ бауырында, Саржазықтың тап ортасында, Айманбұлақтың бойында, Қызылшіліктің тау жақ бөктерінде, сары адырдың етегінде қарагайдан салынған екі болме аласа ғана қараша үй болатын. Ол Айманның кенжесі Кенжетайдың үйі еді. Әжеміз арабша хат таныған, оқыған, жаза да білген, ауыл-аймақта абыройы зор кісі екен. Ең қатты сыйлаған Кенжетайы не айтса, бұлжымай орындалатын көрінеді. Кенжетай мойнына мылтық асынып, ит жүгіртіп, құс ұшырып, аң аулаған, қашанда домбырасы қолынан түспей ән мен күйге жаны құмар болған. Әңгімені көп білетін, естігені, коргені мол, Біржан сал мен Ақан серіге үқсан баққан. Қысы-жазы үйде көп бола бермейтін, өнер құған адам деседі.

Кенжетайдың үш ұлы Әбдікәрім, Шахкәрім, Әбдірахим осы кішкене қараша үйде өмірге келдік, кейіннен Әбдікәрім — Абдан, Шахкәрім — Шәкен, Әбдірахим — Кәүкен болдық та шықтық. Әрине, бұл қазақта бола беретін жағдай ғой.

Әкеміз көрген-білген жақсы әңгімелерін бізге ес кіргеннен кейін айтудан жалықпаушы еді. Сұлтанмахмұт Торайғыров-пен бірге жүрген, жанындај жақсы көрген інісі. Біз Сұлтан-махмұттың жазғандарының қобісін жатқа айтып, біздің тым болмағанда біріміз сондай болуымызды арман ететінбіз...

Кенжетайдың сол кішкентай үйінде Қали әнші, Ысқақбай күйші, Дүйсенбай ертегіші, Рахмет қожа қиссашы, өзінің сауық сүйгіш ағасы Мұзапар, інісі Қажымұрат, тағы басқа ел жақсылары жиналышп, ойын-думандарды қатты қыздыратын. Таң атқанша ән айтылады, күй тартылады, қиссалар оқылады.

Біз үшін Қалидың әні, Ысқақбайдың күйі өмірде бір қол жетпейтін қиял сияқты көрінетін.

Кейде:

— Ал, қане, Шәкітай мен Кәкешті тындайық. Қане, бір-бір ән айтып беріндер, — деп Қали домбырасының құлағын бүрай бастайды.

— Шәкен сен “Екі жиренді”, ал, Кәүкен сен “Қара торғайды” айт, — деп әкеміз қостай кетеді.

Сөйтіп, біз де ән салған боламыз.

— Борекелді, борекелді, міне, тамаша балалар, — деп Қали мақтайды.

— Осы екеуінен түбінде өнші шығады, — деп басқалары да мақтай жонеледі.

Әкеміз Қенжетай озінің шамасына қарай, шағын ғана тенор дауысына лайықтап, онді сзылтып өдемі айтады. Қолымызға домбыра үстатель, онерге баулып, он үйретті, тақпақ оқытты... Сойтіп, әкеміздің жолын қуып, ағайынды үшеуміз де домбыра тартып, ән салатын болдық.

Шәкеннің бізден горі онерге қабілеті, ынтасы кобірек еді. Ол әкеміздің, Қалидың бір айтқан олеңін табанды қағып алатын да, бізге қайта айтып беретін. Қалидың ән айтқандағы бет құбылысын, қимылын айныштай салатын. Қалидың озі мұны коріп, қарқ-қарқ құліп, Шәкеннің бетінен сүйіп, “мынау үлкен әртіс болады, онда тіпті қапы жоқ” — деп арқасынан қағады. Тоқсанға дейін домбырасы қолынан түспеген Қали өмірінің ақырғы айларында Алматыға келіп, біздің үйде, Шәкеннің үйінде (әйелі Қапанмен) коп уақыт жатып, талай әңгімелер шертілді. Шәкеннің Қалиды жақсы коруі ерекше болатын.

Шәкен еркіндеу, ожеттеу болып ости. Оны ауыл-аймақ жақсы көріп, ән салдырып, тақпақ оқытады, ертегі айтқызады. Жұмысқа бейімі жоқ еді, кайда ойын-сауық болса, тек сол жерден табылатын.

Марқұм шешеміз “бұзауды бағып кел, тезек теріп келе қойындар” десе, Шәкеннің не іші, не басы ауыра қалады. А纳мыз қаттырақ айтса, “Серектастың” басына шығып алыш, екі аяқты салбыратып жіберіп жылайды да отырады.

Шәкеннің қалжынқой екені рас. Ауылдағы қыз-келіншек, кейбір жігіттердің мінез-құлқын айныштай салып, жүртты қыран-топан құлкіге батырады.

Шәкен екеуміз қатар остік. Коп қалжындаса беретінбіз. Мен сонғы кездерде Шокеннің “онер қысып жылап отыратын тасы” деп жолдастарына “Серектасты” көрсетіп құлдіретінмін. Ондайда Шәкен бір құліп, қоя салады. “Өнер қысып жылап отыр” деген сөз тегін шықпаған еді. Біздің өкейдің Айманұлы Аббас деген дәрігер ағасы болған-ды. Кейде “Серектастың” басында жылап отырған Шокенді коріп, неге жылап отырғанын сұрағанда, апам қатты ұялып, Шәкенге қолын сермен, “тоқтат” дейтін. Сол кезде Әбағаң:

— Жәмке, Жәмке, оған ұрыспаңыз, ұрыспаңыз. Ол тегін жылап отырған жоқ. Оны онер қысып жылап отыр, менің атыма мінгестіріп жіберіңіз, мен үйге алыш кетейін, — деп Шәкенді үйіне алыш кетеді.

Шәкен кейін әртіс болған соң, ауыл үлкендері “Апыр-ай,

Әбагаң Шөкенді жасында “онер қысып жылап отыр” деуші еді, жарыктық біліп айтқан екен той” деп таңдайларын қафатын.

Шөкенді 1924 жылы үлкен ағамыз Қажымұрат Семейге оқуға алып кетті. Өзі мұғалім болғандықтан, Шөкенді де мұғалім болсын деген шығар. Алғашқыда Қаз.Коммунаға, кейіннен халық ағарту институтына түсірген. Осы институтта оқып жүргенде, Шөкеннің қолынан домбыра мен мандалин түспей, сондағы көркемонер үйірмелеріне қатысып, халық үйінде (народный дом) Жұмат Шаниннің “Арқалық батыр” пьесасы бойынша қойылған спектакльге қатысып жүреді.

1933 жылы Семейге Алматыдағы Қазақтың үлттық драма театрына дарынды жастарды жинауға арналы сапармен белгілі жазушы Фабит Мұсірепов келеді. Фабең Шөкен қатысқан “Зорлық” атты спектакльді коріп, Шөкеннің ойыны ұнаган соң, оны Алматыға алып кетеді. Сойтіп, Шөкен озінің аңсаған арманына жетіп, тап сол жылы Алматыдағы Қазақ драма театрына орналасады.

Шөкен:

— “1933 жылдың 3 сентябрін мен еш уақытта ұмытпаймын. Бұл күні мен профессионал өртіс болдым. Театрға түстім. Және осы театрда қазақтың атақты өртістері Қалыбек Куанышбаев, Күлош Байсеійтова, Құрманбек Жандарбеков, Елубай Омірзаков, Серке Қожамқұлов, Қанабек Байсеійтов, Манарабек Ержановтармен таныстым. Мениң омірімде де, онерде де аға тұтып, коп онеге, толім-тәрбие алған үстаздарым да, мектебім де осылар” — деп ылғи аузынан тастамай айтып отыратын. Әсіреле, Қалыбек Куанышбаевтың шығармасы оған үлкен өсер етті. Шөкен Қаллекіндің онегесінен коп нәр алған десек жарасар.

Шөкен Серағанмен (Серке Қожамқұлов) бір театрда қызмет етті. Серағанның да ықпалы Шөкенге коп тиді.

Шөкен жалғыз өртістер қауымы емес, жазушылар арасында да қадірменді бола білді.

“Маған онерге алғашқы жол ашқан Фабит Мұсірепов болса, онер шыңына жетелеген Мұхтар Әуезов еді” — дегенді Шөкен өркезде айтып жүретін.

Шөмшінің достары, жолдастары қашан келсе де үйінің есігі өрдайым ашық, ардақты мейман болушы еді. Қеңес, шет ел киногерлерінің Шөкен үйінде болып, оның сый құрметтін кормегені кемде-кем. Оның үстінен Шөкеннің үйіне ағайын-туыс, оқушылар, студенттер коп келетін.

Шөкен Тоқбайдың “Екі жиренін”, Қалидың “Жиyrма бесін” оте жақсы кореді. Қолына домбыра алғанда алдымен асыл өндер ауызына түседі.

Шәкен талай ондердің тарихын жақсы біліп айтып отыратын. Шәкен онердегі ағаларын қалай сыйласап, жақсы корсе, ол кісілер де Шәкенді сондай жақсы коріп, құрметті қонағы, оз адамындағы сыйлады. Ағалары да, достары да көп еді. Шекіз жақсы корген ағаларымның бірі — Елубай Омірзаков: “Мен олгендеге Шәкеннің жанына қойындар” — деп осиет еткен. Осиеті орындалды.

Шәкен екеумізді жүрт айыра алмаітын. Менің ойымша, екеуіміздің ешқандай үқастығымыз жоқ сияқты.

“Осы Шәкеннің нендей қасиеті бар? Жұртты қалай үйіріп алғып кетеді? — деп талай рет ойланым да, үйреніп те кордім. Бірақ бұл үйренетін зат емес, тек жаратқан иеміздің жекелеген адамдарға берген дарыны екен. Шәкенді білмейтіндер жоқ сияқты бола береді. Тірісінде де, кейін де оны ел көп іздейді.

Шәкен сахнада озін еркін үстайтын. Ол сахнаға шыққанда жүрексінгені білінбей, озі ойнап жүрген кейіпкердің жан дүниесіне еніп, соның қымыл-орекетімен, ой-пікірімен, ішкі сырымен қоян-колтық араласып кететін. Халықтың Шәкен ойынын сүйіп, жақсы коретіні сондықтан ба деймін.

1969 жылы Шәкен Баянауылда озінің кезекті фильмі “Найзатасты” түсірді. Кинодан кейін немесе киноға түсуден бос уақытта ойын-сауық болып, он айтылып, би биленіп жататын. Ойынды қыздырып отыратын да Шәкен.

Осы кезде Баянауылға демалуға ақындар Сырбай Мөуленов пен Қабдікәрім Ыдырысов, композитор Еркеғали Рахмадиев үй ішімен келіп жатты. Мұның озі есте қаларлықтай тамаша кез. Бір күні Сырбай мен Еркеғали: “Шәкен үстінен шығып алатын тасты корсетші”, — деп қолқа салды. Ол тас біздің ескі қораның жанында болатын. Бір топ адам болып Серектасқа бардық. Барысымен мен: “Міне, мына тастың үстінен шығып отыратын, — деп, “Серектасқа” шықтым. Неге екенін кім білсін, конілді кенеттеп бір ой кернеп кетіп, “Ақбеттаудың” басына қарап тұрып “Сүрша қызы” әнін шырқадым... Ертеңіне Сырбай ақын: Кешегі әнің жақсы шықты. Сол әннің әсерімен мен де саған ариап олең жазып едім, тында, — деді. (Осы олең Сырбай ақынның 1970 жылы шықкан “Шалқар” өлеңдер жинағында “Қайталанбайтын ән” (Көүкенге) деген атпен жарияланды).

Мен бұл олеңді Шәкенге корсеттіп едім, ол оқыды да: “Кәүкен, кешегі “Сүрша қызының” шынында да әдемі шықты. Ол туған жердің әсері болар. Мен де тындағым. Біз сол кешігіп, сен он салып тұрғанда келіп едік. Ақын жүргегін көзғалтын, шабытына дем берген де осы ән әсері” деді. Іштей

төбем кокке жеткендей қуандым. Шәкеннің менің онерім жөнінде қоң мақтау соз айтпайтынын жақсы білетінмін.

Әкеміз бір күні Шәкенге: “Мына Қоукен сонынан еріп келе жатқан жалғыз інің емес пе? Сен қолынан келіп тұрганда, коз қырынды сала жүр” дегендे, Шәкен: Әке, бойына біткен дарыны мен талабы болса, менің жәрдемімсіз-ақ адам болады. Ал, жоқ болса, менің көмегім түк те болмайды,” — деді. Әрине, бұл қатты айтылған сөз, бірақ шындық еді.

Сондықтан Шәкеннің “Сұрша қызды” дұрыс шықты деуі, оның үстіне Сыrbай ақынның олеңі мені қуантпай қоймады.

Шәкен осы “Найзатас” фильмінен бос кездерде өзі дүниеге келген, баяғыда құлап қалған қараша үйдің жанындағы “Серектастың” басына шығып, “Ақбет” пен “Үш шошакқа” бас игендей коп қарап тұратын.

Есік алдындағы сар жазықтың шалғынына аунап-кунап, ата-анасты жатқан бейітке барып қайтатын. Шәкен ата-анасын қатты құрметтеп, жақсы корді. А纳мыз Жамал 1962 жылы, әкеміз Кенжетай 1963 жылы дүние салған.

Әкеміз – Айманның кенжесі, мен – Кенжетайдың кенже-сімін. Сондықтан да әке-шеше кенженің қолында тұруы қазак дәстүрі бойынша заңды. Мен “қара шаныракпың”. Бұл жонінен менің абыройым алдындағы екі ағамнан мықтырақ.

Шәкен жұмыс бабымен үйінде коп бола бермейді. Кино түсіруге кетеді, студиядағы қызметі бастан асып жатады, т.б. Кейде қызметтен шаршап шығып, бізге келеді.

Шабалдың (менің қосағым) “күрен тобел” шайын ішіп отырып, әкесінің шерте тартқан қоныр ломбырасының үніне балқып кеткендей болады.

Тағы бір келгенінде жас баладай әкейлің тізесіне басын салып, он мен күйін тыңдал, көрі қеуделен рухани нор алғандай күй кешеді.

Кей күндері әкеміздің жанынан төсек салғызып, қонып та кетуші еді. Ата-анамыздың Шәкенге деген, оның әке-шешеге деген махаббаты маған озгешие корінетін.

Шәкен театрда істеген алғашқы жылдарда шағын эпизодтық рольдерде ойнады. Сонымен қатар бір жағынан Михаил Насонов үстаздық еткен театр жанындағы актерлер студиясына катысып жүрді. Осы студияда актерлік онерді үйренип, Станиславский еңбектерімен, орыс театрының тарихымен жақын танысады.

Шәкен біраз жылдан кейін-ақ театрда басты роллерде ойнай бастайды.

Шәкеннің ортістік оміріне үлкен бір әссер еткен оқиға Мәскеу мен Ленинградқа сапары. М.Насонов Шәкенге “Менің

досым" деген пьесадан Граммафонов ролін дайындааттырып апарған.

Шәкен Мөскеу, Ленинградтағы театрларда атақты орыс әртістерінің ойынын коріп, оз онеріне нәр алып қайтады.

"Остужевтін, Козловтың, Москвиннің, Тарасованың ойынын көрген адам мәңгілік ұмытар ма!" – деп Шәкен таңқалар еді. Міне, осы сапардан соң Шәкен үлкен шешімге келіп, оқып ізденіп, көптеген жетістіктерге қол жеткізуге болатынын анғарды. Сонда ғана сахналық образдар шынышыл бейнеленіп, психологиялық жағынан нанымды шығуы мүмкін екеніне көзі біржолата жетеді. Онсыз жақсы болу киын. Шәкен озінің бүкіл онер – омірінде осы пікірді бір сот те есінен шығарған емес. Бұған дәлел оның драма сахнасында ойнаған Мұхтар Әуезовтің "Қобыландысындағы" – Қобыланды, Фабит Мұсіреповтің "Ақан сері – Ақтоқтысындағы" – Ақан, "Қозы-Корпеш – Баян сұлуындағы" – Қодар, М.Әуезов пен Л.Соболевтің "Абайындағы" – Керім, Ш.Құсайыновтың "Алдар Коғесіндегі" – Алдар, Гогольдің "Ревизорындағы" – Хлестаков, Погодиннің "Мылтықты ада-мындағы" – Шадрин, Островскийдің "Наїзагайындағы" – Тихон, Шекспирдің "Асауга тұсаудағы" – Петруччио, "Отеллосындағы" – Отелло секілді күрделі бейнелерді жоғары коркемдік дәрежеде сомдаш шыққандығы болса керек. Шәкен Шекспир шығармаларындағы бейнелерге қатты құмар еді. Оның Петруччиодан басқа арман еткен бейнесі – Отелло еді. Театрда істеген соңғы жылдары бұл арманына да жетті. Отелло Шәкеннің үлкен табыстарының бірі дей аламын.

"Ақан сері – Ақтоқты" пьесасындағы (F.Мұсірепов) Ақан ролі де – Шәкеннің ең үлкен арманы мен тілегі, Ақанды бар табиғатымен сүйген Шәкен, бұл рольге корқа да, қуана да кірісті. Шәкеннің образды сәтті шығаруына оның халін, шығармашылығын белуінің орасан комегі тиіді.

Мен бұл арада Шәкен ойнаған бейнелердің бөріне (театрдағы, кинодағы) токтала алмайтынымды айтқым келеді. Біріншіден естелік ауқымы да котермейді гой.

1945 жылдан бастап Шәкен режиссерлік жұмыспен де айналыса бастады. Оның режиссерлік жұмысы Ш.Құсайыновтың "Аманкелді" пьесасын қоюдан басталды. 1947 жылдан театрдың бас режиссері болды.

Шәкеннің киноактерлігі М.Әуезовтің сценарийі бойынша түсірілген "Райхан" фильміндегі Сәрсен ролінен басталып, артынша "Абай" фильмінде роль сомдау арқылы бұдан кейін кинода күрделі ролдер жасауына жол ашты.

Н.Погодин мен Ә.Тәжібасев сценарийі бойынша түсірілген "Жамбыл" фильміндегі – Жамбыл ролі – Шәкеннің кинода

ойнаган ролдерінің биігі. Шәкен Жамбылмен 1936 жылы Мәскеуде откен Қазак әдебиеті мен онерінің онқұндігіне бара жатқанда танысқан. Сонда үзак жол үстінде, жастар жағы қарт ақынның көп әңгімелері, олең-жырларын тыңдал, алғысын алған. Мәскеуліктегі Жамбылды қатты құрметтеп қарсы алады. Жамбыл тіпті жасарып, коптеген концерттерге катысып, қай жерге шақырса да қалмайды. Ол өзінің олеңдерін оқиды. Шәкен сол жолы Жамбылдың біраз өлеңін жаттап алған. Шәкеннің тағы бір қасиеті үгымтал еді. 38 жастағы жігітке Жамбыл ролін ойнау оңайға түскен жоқ, әрине. Режиссер Дзиган екеуі көп ізленді. Сойтіп. Жамбылдың экрандық бейнесі сәтті шықты. Фильм екі жылдай түсірілген. Коптеген шет еллерде корсетіліп, жақсы бағасын алған. Ол бұдан кейін де кинода біраз бейнелер сомдалы. “Алдаркосе”, “Біз осында тұрамыз”, “Найзатас”, тағы сол сияқты фильмдерге катысқан.

1953 жылдан Шәкен кинорежиссерлікке келді. Сонымен ол өзінің қалған омірін тұтастай қазақ кино онерін дамытуға арнайды. Бұған Шәкен түсірген 14 фильм қуо бола алады. Шәкеннің кинодаты алғаш режиссерлік жұмысы режиссер К. Ганкельмен бірігіп қойған “Қозы Корпеш — Баян сұлу” фильмі болды. Шәкен түсірген фильмдер: “Біз осында тұрамыз”, “Біздің сүйікті дәрігер”, “Атамекен”, “Бір ауданда”, “Такиялы періште”, “Ән шақырады”, т.т.с.

Шәкеннің біраз фильмдері Одакта талай сыйлықтарды иеленді.

Шәкен Қазакстанның барлық ортістерін, кино арқылы да тарихта қалсын деген ниетпен, “Біздің сүйікті дәрігер” фильміне шақырып катыстырылды. Шара да, ағайынды Ришият пен Мұсілім Абдуллиндер, Ермек Серкебаев та, мен де бармын сонда. Бөріміз сол киноны жақсы кореміз. Әншілер де, бишілер де, театр әртістері де риза боп, кезінде “бізді Шәкен осы киносы арқылы бұрынғыдан да бетер танымал етті” деп риза болысты. Әлі күнге дейін ауыздарынан тастанамайды.

“Такиялы періште”, “Атамекен”, “Атаманың ақыры” фильмдерінің бағасын бұл жерде айтып жатпай-ақ қояйын. Ол елге айтпаса да түсінікті емес пе??

Шәкен Англия, Америка, Египет, Италия, Франция, т.с.с. елдерге барып, кинорежиссерлерімен таныссып, олардың енбегін зерттеп, пайдалы нәрселер алып кайткан. “Оз онерінде қанша көп ізденсөң, соншама омір терендігін анасың, шын басына қаншама биікке көтерілген сайын, сонша дүниенің кеңдігін байқайсың”, — деп Шәкен тегін айтпаган сияқты. Шәкеннің киноға келуі, түсіруі, тусуі, әдісі, жұмыс тортібі озгеше болсек еді. Жайбаракат, ойын-күлкімен, шахматын

оінап жүре беретін, негізгі жұмысы — фильм түсіруді үмітші кеткендей корінетін.

Мен Шәкен қойған киноға коп түскем жоқ. Бар болғаны екі фильмге “Біздің сүйікті дәрігер” мен “Ән қанатында” ойнағым.

Шәкенді үйқыдан тұрғызу деген оте қызын болатын. Оны ояту өрбір кино директорының қолынан келе бермейтін. Тек Лелюх (киногруппа директоры) қана амалын табатын. Ол Шәкенмен замандас адам, сондықтан ойын-шыны аралас. Шәкеннің үйіне барып оны не керуектен сүйреп тұрғызады, не үстіне су құйып оятады. Оған Шәкен ренжімейді, бетін шала жуып павильонға алып келсе болғаны — Шәкен дайын... Біз “Апыр-ау, бұл қай уақытта дайындалады? Түсінде ме?” — деп таңданушы едік. Сойтсек, Шәкен үзак түнін сол дайындықпен откізеді екен. Таңтерген келе мұлтіксіз істеп кетуі де сол түнгі еңбегінің жемісі еді.

Шәкен қойған 14 фильм осылай дүниеге келген.

Шәкен кинодан басқа қоғам жұмысына да қоңіл боліп, енбектенді. Ол киностудияның коркемдік жағын басқарды. Қазақстан Кинематографистер одағының бірінші хатшысы болды.

Шәкен еңбегін Үкімет, халық жағары бағалады. Шәкен Айманов — Қазақ ССР-нің Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты. Коптеген ордендермен, медальдармен наградталды. Бірнеше рет Қазақ ССР Жағарғы Советінің депутаты болды.

Шәкен 1970 жылы “Атаманның ақыры” кинофильмін түсірді. Бұл фильм сөтті шығып, Алматыда да, Мәскеуде де “оте жақсы” деген баға алып, озі үлкен қуаныш үстінде жүрді. Бұл фильм сол жылы Грузияда откен Бүкілодақтық фестивальға қатысып, одан да жүлде алған.

Мәскеу “Атаманның ақыры” атты фильмді “оте жақсыға” Бүкілодақтық экранға откізген соң, Шәкен қасындағы жолдастарына: “Сендер, Кино үйіне үстол дайындандар, менің кабинетке кіріп шығатын бір жұмысым бар еді. Қоپ кешік-пеймін, бес, әрісі он минутте ораламын” — дейді.

Шәкен Мәскеуде ылғи таксимен жүреді. Мәскеу кошелерін жонді білмейді. Жаяу жалғыз жүрсө адасып та кетеді. Барған жұмысты бітіріп, Шәкен асығыс жүгіріп кошені кесіп отпек болады. Сағат кешкі алты шамасы. Халық та, машина да ағылып жатқан кез. Соған қарамастан екі қолы қалтасында, кошені жүгіріп отем дегенде...

1970 жылдың 24 желтоқсаны күні сағат таңғы сегізде телефон шыр ете түсті. Кейін қоңіл айту басталды.

Мәскеуге барып сүйегін озім барып алып келдім. Шәкен 56 жасында дүниеден озды. Алла тағаланың жазуы ғой, ол

жаратылсында асығыстау еді. Омірден де асығыстау өткендей. Өкініштің орны толмайды, десек те, біз тағдырга сенеміз.

Шәкен Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевпен оте жаксы дос болды.

Шәкеннің кіндігінен Мәди, Мұрат есімді үлдары мен Майра есімді қызы болды. Үшеуі де дүниеден отіп кетті.

Шәкеннің қосағы Қадиша да онер адамы, атақты биші Шара апамыздың (Жиенқұлова) сіңлісі.

Менің үйлену тойым Шәкеннің үйінде отті. Тойға қазақ әдебиеті мен коркемонерінің атақты торт алыбы келді. Олар: Мұхтар Әуезов, Фабит Мұсірепов, Фабиден Мұстафин, Қалыбек Қуанышбаев еді.

Ағайынды Ришат, Мұсілім Абдуллиндер, Мұқан Толебаевпен Шәкен айнымас дос болды. Олар бір-бірін шексіз сүйіп, бір-бірін тындаудан есте жалықпайтын. Туған әдебиетімізде – Сәкениң, Илиястың, Бейімбеттің, Мұхтардың, Сәбиттің, музыка онерімізде Құләштің, Ахметтің, Мұханның, театр онерінде – Қалыбектің, Елубайдың, Құрманбектің, Қанаңбектің, Серкенің орны қандай озгеше болса, Қазақтың үлттық театры мен жас кино онерінде Шәкеннің де орны айырықша.

Оның онерін мақтаныш тұтқан, озін қадірлеген дарқан халқымыз жасай бергей!

Жаратқан Алла оліге де, тіріге де иман байлығын берсін!

Дайындалған Құттара Жұмагали.

### **Шәкеннің шетелдіктерді он орап алатын дәрежесі бар еді**

— Асеке, қазақтың маңдайына біткен жарық, жүлдэзы, атақты әртіс, керемет режиссер, дарынды, талантты ағамыз Ш.Аймановтың 90 жылдығына байланысты үлкен той өтейін деп жастанып екен. Сол тойдың Қайды? Қашан? Және қалай өтетінің жөнінде әңгімелеп берсеңіз.

Той отіп жатыр. Бір жыл тойланады деп отырмыз.

— Марқұм Шәкен ағамызға озінің 90 жасқа толғанын тойлауды тағдыр бүйіртпады. Бірақ “Ер есімі – ел есінде” деген. Ел болып, жүрт болып Шәкеннің 90 жылдығын атап отуді жөн көрдік. Негізі Шәкен осы жылы ақпанның 15-де 90 жасқа толған болатын. Сол күні “Кино үйінде” тойдың бастамасы басталды. Бүйіртса оны осы қыркүйекте үйымдастырылып отырған “Шәкен жұлдыздары” деген кино фестивальмен қорытындылаймыз ба деп отырмыз. Ал осы шілде айының 20-жұлдызында той Павлодарда жалғасын

тапшылған. Ол жаққа озімізбен бірге Ш.Аймановтың ондеген фильмдерін алып барып қалада, ауыл-аймақтарда корсетуді жоспарлап отырмыз. Тойға ағамыздың туған-туыс, дос-жаран, өріптестері бармақ. Сосын қазактың атын жүртқа киносымен шығарған, қазақ та кино түсіре алатындығын жарты өлемге жариялаған Ш.Айманов жайында деректі фильм түсіреміз.

— *Ш.Аймановтың жақсы танитын екі адам болса соның бірі сізсіз. Оз ісіңіздің шебері, театр, кино атты онерді егжей-тегжейілі билетін, түсінетін адам ретінде Шәкен ағаның артықшылық, кемшіліктегі болды деп ойлайсыз ба?*

— Мен ол кісінің туған күйеу баласы, әрі шәкірті ретінде осы жасыма дейін оның еш кемшілігін корген емеспін. Себебі ол кісі дарынды дара тұлға, ерекше жан болатын. Съемка алаңында ол кісі озін соншалықты еркін сезінетін. Озінің нені қоятынын жан-дуниесімен сезіне билетін. Қол астындағы әртісі бар, басқасы бар бірденсін бұлдіріп қойса, дұрыс істемесе ашу шакырып, ұрысып жатпайтын.

Түсінбегенің дұрыстап түсіндіретін. Сосын Шәкен жүрген жер қым-куыт қызыққа толы болатын. Сондықтан болар Шәкецмен жұмыс істеген оте қызықты еді. Негізі ол кісі театр адамы гой. Театрдан кино дорежесіне дейін жетті. Шәкен театр, кино десе ішкен асын жерге қоятын. Оз ісінің бүгешүгесіне дейін билетін. Оның күдіреті комедиядан бастап психологиялық драмаларға түсуге де, түсіруге де жететін. Ол коп жанрлы режиссер, коп жанрлы адам. Ол онерді оміріне айналдырды. Ал онерді оміріне айналдырган адам ешқашан қателік істемеуге тырысатын. Ол қателік, кемшіліктен де ада деп айта аламын.

— *Армансыз адам – қанатсыз құспен тең* “деген. Аймановтың арманы болды ма? Жақын адамы ретінде сіз не айтасыз?

— Иә, адам армансыз, үмітсіз болса омірге деген құштарлығынан айрылады. Өмірде мөн-мағына болмайды. Шәкен омірді де, онерді де жан-төнімен беріле сүйген адам болатын. Аймановтың да үлкен ақ арманы болатын. Ол арманы — “Абайды” түсіру еді. Бірде “Атаманның ақырын” корген “Мосфильм” кипиостудиясының басшыларының бірі Григорий Чухрай деген азамат Шәкенді психологиялық детектив түсіруге шақырды. Ағамыз бас тартып, озінің Абайды түсіруді ойлап жүргенін, тіпті оған актері дайын екенін айтты.

— *Ол актер кім?*

— Ол мен болатынмын. Мен бұны мактанайын деп айттып отырғаным жок. Бұл Шәкеңнің қалауы, арманы еді. Бірақ марқұм ағамыз арманына жете алмай кетті.

— *Жақсыдан үйрен, жаманшан жириен* “депті аталарамыз.

*Осындаи дарынды, талантты адамнан қандай үлгі-онеге алдым деп ойлайсыз?*

— Менің ол кісіден алған үлгі-онегем... “шаш – етектен”. Шәкеннің менің қасымда жоқ болғанына 35 жыл. Бірақ мен сонда да ол кісіден қазірдің озінде де үлгі аламын. Ол кісінің жүріс-тұрысы, сойлеген созі, тіпті, күлкісіне дейін коз алдымда. Бір істің тетігін таптай, немесе бір нөрседен шатасып бара жатырсам Шәкенді еске аламын. Бұндай сotte, Шәкен не істер еді, қандай өрекет жасар еді? – деп ойланамын. Сойтіп, озім тірелген тығырықтан оп-оңай шығамын. Эрине, Шәкен аға маған былай ет, былай істеме деп ештенені үйреткен жоқ. Үлгі алу үшін оқымайды, тоқиды. Шәкеннің қасында жүріп мен тек тоқи беруді ойладым. Біздің озіміздің кейбір жігіттеріміз шетелдік өртіс, режиссерлерден үлгі алып, еліктеп жүреді. Олар шетелдіктердің Шәкеннің тырнағының үшіна да тұрмайтынын білмейді ғой. Білсе олай істемес еді. Шәкен шетелдіктерді он орап алатын дөрежеде еді. Асырып айтқандығым емес. Бұл – ол кісінің шын бағасы.

— *Асеке, қазақта “жігітке жеті онер де аз” деген. Ш.Айманов керемет онер иесі, кәсіби әртіс, режиссерлік шеберліктің қыр-сырын игерген дара дарын иесі ғой. Ағамыздың бұл онерінен басқа қолынан тагы не келетін еді.*

— Ол шахматты, биллярдты жақсы ойнайтын. Карта ойындарының тұр-тұрін білетін. Музыканы жан-төнімен сүйеттін. Сосын домбыра, мандолиннің “құлағында” ойнайтын. Ол соншама атақты бола тұрып, кейбіреулер құсал қоқірек керу дегенді білмейтін. Ол сондай қарапайым еді. Ал қарапайымдылық ұлылықтың белгісі. Ұлы бола білу де онер ғой.

— *“Адамның коңілі бір атым насыбайдан қалады” демекші Шәкен ағаның сізге, сіздің Шәкенең коңілдеріңіз қалған сәттер болды ма?*

— Мен Шәкенең ренжімек тұрмак, кею туралы ойлаған кезім болған жоқ. Ол адамды ренжітпеуге, озі ешкімге ренжімеуге тырысатын. Сондай түсінігі мол, ақылды адам. Дегенменде, маған омірімде бір рет қана окпелеген. “Атаманның ақыры” фильміне Озбекстанда съемка жүріп жатқан. Бір күні қасымда Ж.Медетбаев жөнне тағы үш-торт жігіт болып қызырып кетіп қалғанбыз. Келсек съемка тоқтап қалған. Борі бізді күтіп отыр. Бізге қарай аяңдап келе жатқан Шәкеннің жүзінен кейісті байқадым. Маған келді де, маған емес қасымдағы Жұмабайға бұрылып:

— Эй, Жұмабай не істеп жүрсіндер сендер. Біреу-міреу олтіріп кетсе кайтесіндер. Сосын біз отырамыз ба, мынау Жұмабайдың қолләсі, мынау Асанқолінің қолләсі деп”, – деді.

Мен үттән “ортеніп” кете жаздадым. Ақталып жату артық деп, жұмған аузымды ашқаным жок.

— Асеке, құзде өтетін “Шокен жүлдемдер” кинофестивалін үйімдестеріп жасақтан кімдер. Үкімет не, олде демеушілер ме?

— Бұл фестивальді Үкімет откізіп береді деп үміттеніп отырмыз. Өйткені, 70 жылдықты тойлауға болмайды, 75 жылдықты тойлау керек деген сияқты Үкіметтің бір заңдары бар. Ал 90 жылдық туралы не дейтінін қайдам. Бірақ бұл тойды тойлау керек.

— Әңгімеңізге рақмет.

Сұхбаттасқан әл-Фәраби атындағы Қазақ Ұлттық университеті журналистика факультетінің студенті  
Әркен Бисенов.

**Кәүкен Кенжетаев,**  
**Қазақстан Республикасының халық әртісі,**  
**Шыңғыс Айтматов атындағы Халықаралық және**  
**“Тарлан” сыйлықтарының лауреаты, профессор,**  
**Шәкеннің інісі**

## Шәкен

“Біздің үлттық өнеріміз гүлдене бастаған сонау отызыншы жылдарда мұрат-мұддесі бір адамдар бір-бірімізді іш тартып, аса жақын сезінуші едік. Сондай адамның бірі – Шәкен Айманов еді. Шәкен озінін жарқын мінезімен, қаралайымдылығымен, оған қоса актерлік зор таланттымен қадірлі-тін. Міне, Шәкенді мен құні бүгінге шейін коз алдыма сол қалпында елестетем. Ол кейінгі жылдарда кино өнері саласында көбірек енбектенсе де, оның, өсіресе театр сахнасындағы жемісті жылдары менің жадымнан мықтап орын алған. Шәкенге байланысты екі оқиға, өсіресе, ойымнан шықпайды.

Аяулы Мұхан өзі аударған пьесаларын үнемі дос-жарандарының сарабына салатын. Оған ақын-жазушылармен қоса әртістер, режиссерлер де катысадын. Бірде оның ғажайып тәржімасы “Ревизордың” талқылауына катыстым. Пьеса бастан-аяқ оқылып бітісімен Шәкеннің “Мен болсам Хлестаков”, – деп ұшып тұрган сәті коз алдында. Сол шақта Мұхтар қарсылық білдіріп, Гогольдің өзі Хлестаковты жүқалтан, жүдеу онді адамның ойнауын қалағандығын айта келе: “Мениңше, бұл рольге Камал лайық, ал сен Шәкен, ер екенсің деді. Айтқандай-ақ, Хлестаков Камал Қармысовтың орындауында құлпырып кетті. Коп ұзамай Мұхан Шекспирдің “Асауға тұсауын” аударып, әлгіндей бір жында озі

оқыды. Мен оны сүйсіне тындал отырып бұны Шәкен қалай кабылдар скен деген сезімде едім. Әлден уақытта пьеса оқылып бітті де Әуезов: “Шәкен, бұл жолы пьеса сенікі”, – деп еді, Шәкен қуанғаннан қызарып кетті. “Сол “Асауға тұсауда” басты ролде ойнаған Шәкеннің бақытты кейіп күні бүгінге дейін көз алдында. Бұл жайлы Николай Погодин “Айманов пен Бокееваның МХАТ юбилейіндегі ойынына қарағанда сіздердің театрларының дүние жүзіндегі еш театрдан қалыспайтындағы екен”, – деп еді.

Шәкен “Ақан сері – Ақтөкты” спектаклінде Ақан ролін құлпырта орындаған кездерін ешқашан да ұмытпақ емеспін. Біз сахнадан шебер сомдалған образды көріп, пәк махаббаттың күесі болдық. Оның киноонері саласына ауысыу театр үшін де, озі үшін де біраз өкініш тудырғандай еді. Ойткені, Шәкеннің талант қыры, әсіресе, театр сахнасында барынша жарқырап көрініп еді. Мен бір кезде оған: “Сенің театрдан кетуіңе байланысты кейбір адамдар сахналық жетістіктерінен айырылып қалды”, – деген кейістігімді де білдіргем. Дегенмен, ол киноонері саласында да қыруар іс тындырды. Әсіресе, сценарийін Николай Погодин екеуміз жазған “Жамбыл” фильмінде ұлы ақынның озінің талантына дән риза болдық. Ол осы роль арқылы озінің кинодагы актерлік талантын мәнгілік еткендей. Әсіресе, фильмнің мына бір тұсы тебіреніске толы. Жамбыл ән салған солдатты домбырамен сүйемелдеу үстінде. От құшагындағы ауыл. Адамлардың ерекше бақылауда. Жамбыл котерілске шықкан халықтың мұның шағып 16 жыл жайлы өлең айтады. Міне, осы жерде Шәкен ақын образының жаңа бір қырын ашып береді.

Ол өмірден тым ерте кетті. Бергенінен берері коп талант иесі арамызда жүрсе, үлттық онерімізде әлі де қыруар іс тындырар еді. Ол – тарих, халық, уақыт тудырған срен талант.

Егер Әуезов пен Мұсіреповті біз әдебиетіміз бен театрымыз тарихында шығармашылық орны озгеше дара тұрған қаламгерлер деп білсек, Шәкенді де қазақ өнерінің ламуына сондай қажет тұлға еді деп танимыз.

Шәкен Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаттығына сайланып, халықпен қарым-қатынаста, тығыз байланыста болды. Халық алдында шығармашылық есеп берді. Біз бүгін оның талантты ізбасарларын коріп, ол ойнаған киноларда, оның бастамасымен салынған Алматы Кино үйінде Шәкенмен сөт сайын дидарласқандай боламыз. Оның қажымас, табысқа деген сенімі, омірге құштар жарқын бейнесі халық жүрегінде сақтаулы”, – дейді ақын Әблілдо Тәжібаев.

Шәкениң достары, жолдастары қашан келсе де үйінің есігі әрдайым ашық, ардақты мейман болушы еді.

Еліміздің қай түкпірінен келсе де, Шәкениң достары оның үйіне барып дәм татпай кетпейтін. Әсіреле, совет кино қайраткерлерінің, шетелден келген кино мамандарының Шәкен үйінде болып, оның сый-құрметтін кормегені кемдекем.

Тіпті, бұлар болмаған күннің озінде, оның үйіне ағайынтуғандар, оқушылар, студенттер көп келетін.

Шәкениң үйінде жалғыз отыруы мүмкін емес. Кейде озінің жақсы коретін әртістерін шақырып алып, текеметтің үстінен отыра қалып, асық ойнаиды. “Қақпақыл”, “Құмар” “Хан” деген асық ойындары қатты қызады. Бұдан кейін концерт басталады. Евгений Диордиев тақпак оқыса, Сахи Романов кейір атақты адамдардың мінез-құлқын, соз сойлеу мәнерерін аудармай салып, отырғандарды қыран құлкіге батыралы.

Ришат Абдуллин татарша шырқаса, Мұсілім Абдуллин “Қыздар-ау, айтсандаңдары достарыңа” әніне басып кетеді. Мағауия Ҳамзин домбырасын алып “Сарыжайлайды” сұнқылдатады. Ал, менің еншіме “Қаранғы туңде тау қалғып” тиеді.

Міне, осы өндердің бөрін Шәкен не домбырамен, не мандолинамен сүйемелдеп отырады. Озі де шағын әдемі қоңыр дауысымен домбыраны Қалиша шертіп-шертіп жіберіп, Қалидың “Жиырма бесіне” басады. Сойтіп, “Әнді дауыспен смес, жүрекпен айту керек”, – дейді.

Мынаны коріп шыдай алмай кеткен Мәжит, ән айтуға қабілеттің жоктығына қарамастан, озінің жалғыз білеттің әні “Ванька Морозға” басып жібереді. Шәкен Тоқбайдың “Екі жиренін”, Қалидың “Жиырма бесін” оте жақсы кореді. Қолына домбыра алғанда алдымен осы өндер аузына түседі. Әрине, Қали да, Тоқбай да ән шығармаган адамдар, тек “Жиырма бес” пен “Екі жиренді” бұл әнцилердің озгеше, өзінше әдемі айтуына байланысты және бұл әндер алғаш осы кісілердің аузынан естілгеннен кейін, осы адамдардың аттымен аталаып кетті.

Бұл әндер Шәкен онерінің лейтмотивы сықылды, қайда отырмасын, қай жерде домбыра шертіп, он айтпасын, алдымен осы әндерден бастайды.

“Екі жиренді” Тоқбайдың дейтін тағы бір себебі мынада еді: Тоқбай әнші Ұлы Отан соғысы кезінде Барнаулда бір складтың күзетшісі болып істейді.

Тұні бойы кірпік қақпай қүзетте отырган адам елін ойлайды, жалғыздықты ойлайды, қын соғыс кезі, қолына орыстың балалайкасын алып, оның құлақ күйін домбырага келтіріп, тұні бойы “Екі жиренді” айтып шығады екен.

Физатлу хат жазамын қалқам саған,  
Мағұрып осы күнде көнілім шабан.  
Мұғалак екі дүние бірінде жок,  
Дүние осылайша отті-ау заман.

Көзімнің қарасындай соулем едің,  
Көнілімнің қуанышты дәурені едің.  
Келмейді жатсам үйқым, тұрсам құлқім,  
Басымды не сыйқырмен әуреледің?

Ау, екі жирен  
Жалын түйген  
Жалғанда ғашығымсын  
Жаным сүйген.

Өнер жарысы осылай қыза түсіп, кейде таң атқанша отыратынбыз. Шокен талай әндерлін тарихын, олар қайдан шықкан, қандай онші айткан, он не туралы айтылып жатыр, міне, осының бөрін, студентке оқыған лекциядай тогілтіп отырады. Кейде театрға қалай келді, өзінің сахнадағы алғашқы қадамын, оған жөрдем етіп қол үшін берген ағаларын аузынан тастамайтын. Калыбек Куанышбаевты, Сералы Кожамқұловты, Елубай Өмірзаковты, Құрманбек Жандарбековтарды алғашқы рет коргендерің әсерін айтып таңдаійын қағатын. Бұлардың ғажайып актерлік дарынына бас иіп, солардан тәлім-тәрбие алып жолын қуған. Шәкен онерде де, өмірде де осы ағаларын қаниша сыйласа, олар да бұны туған інісінен кем корген жоқ-ты.

Шәкен қайсысының үйіне бармасын сыйлыш адамы, құрметті қонағы, тіпті сол үйдің оз адамының бірі болып кетеді. Оның сықақ өңгімелерін, қалжың сөздерін, сүйіп тыңдаپ коңілдерін котеретін. Осындай бір жиналыста ол болмай қалса “Шәкен келмелі ме, ол қайда жүр?” – деп іздең отырушы еді жүртішлық.

Шәкенді шексіз бір жақсы коретін ағасы Елубай Өмірзаков, оның актерлік дарыны мен өмірдегі қасиеті сайма-сай келген ғажайып адам болатын.

Елубай Өмірзаков қатты науқас үстінде жатып, дүние саларына козі жеткен соң, өзінің ақырғы демінде “мені Шәкеннің жанына қойындар” деген.

Марқұмның айтқанын орындадық. Шәкенмен топырағы бірігіп жатыр. Бұл адамға деген неткен махаббат десенізші...

Шәкеннің достары, жолдастары оте көп еді. Шәкен оз достары да, достары Шәкенді де пір тұтып, жақсы сыйласатын.

1968 жылы Жүсіпбек Елебеков, Роза Бағланова, Еркеғали Рахмадиев, оның ішінде мен де бар, Үндістанға сапар шектік.

Мен Москваға жүрерде Шәкен Жүсекенің үйінде болыпты. Жүсекең Шәкенге “бізді Москвадан қарсы ал” деп тапсырады. Шәкен “Жарайды, міндетті түрде қарсы ала-мын, аэропортқа барам”, – дейді.

Самолетте Жүсекен бізге қыр корсетіп, “Шәкен мені аэропорттан тосып алады. Москвада Шәкен екеуміз бір сайранды саламыз”, – деп келе жатты.

Москваға жетіп, аэропортқа түсе қалдық. Шәкен жок.

Біздің мысқылдан келе жатқанымызды сезген Жүсекең “Сендердің не ойлап келе жатқандарынды мен бағана түсінгем. Бәрібір Шәкен мені қонақ үйде күтіп отыр”, – деп күбірлеп келе жатты.

Қонақ үйге келсек, Шәкен онда да жок.

Бірақ, Жүсекең әлі құдерін үзген жоқ. Тек ашуланың-қырап: “Әй, қолға бір түссе, корсетер едім мен оған! Әттен, не керек, қолға бір түседі деймісің. Қай жерде қаңғып жүр екен, ә! Енді қарап тұрындар, осында келсінші озі! Мен енді оны оңдырмаймын. Әдей “қарсы аламын” деп айтты ғой... Адам бір созге тұру керек қой. Қап бәлем, ә!” – деп Жүсекең кіжіне бастады. Біз де ол кісіні қостап отқа май құя түсеміз. Өйткені, Шәкенді Жүсекене жақсылап тұрып бір үрыстырып алмақтыз.

– Ал, Жүсеке, Шәкен қазір кіріп келсе ғой, жаңағы айтқан созінізді үмітып кетесіз, ә! – деп қайраймыз.

– Жоқ, коресіндер ғой, коресіндер! Тек қолыма бір тигізші, – деп ызыланады.

Жұмысты нықтап алғаннан кейін, Еркеғали екеуміз: “Ал, Жүсеке, ертең Үндістанға жүреміз. Қазір демалыңыз, кешке бір театрға барайық”, – деп тарастық. Алдында “бірер шөлмек жақсы шарап алуларыңа болады” делінген. Еркеғали екеуміз екі шөлмек, Жүсекең бір шөлмек шарап, тағы басқа сувенирлер алғанбыз. Сондағы біздің адамдарға дөм таттырамыз деп ойлағанбыз.

Кешінде Еркеғали екеуміз Жүсекенің театрға шакыра номіріне барсак, Шәкен келіп отыр екен. Жүсекең бағанагы Үндістанға алған шөлмекті ашқан. Шәкеннің алдында бауырсак, қазы, қартта. Шәкенге: “Қане, ал айналайын, саган әдейлеп Қабиба (Жүсекеңің әйелі) жіберіп еді. Қабиба әдей

саған сактап, осыны Шәкен дәм ауыз тисін деп жіберді. Ал... алсайшы мына майлышынан, анадан бір жұз грамм ішіп жібер”, – деп Шәкеннің асты-үстіне түсіп отыр. Бағанағы ашудан түк қалмаған. Бізге козі түсіп кетті де: “Әй, сендер неғып тұрсындар? Қане, шай қойып жіберіндер. Магазинге барып үнді шайы мен қаймақ әкеліндер, Шәкен қаймақпен ішкен шайды жақсы көреді. Барындар!” – деді.

Амал бар ма, екеуміз магазинге барып шай, май, қаймақ алып келіп шай қойып бердік.

Енді театрға өздерін жүре беріндер. Мен бармаймын, мына Шәкен келгенін көріп тұрсындар ғой, – деді.

– Жарайды, – деп біз кете бардық.

Ертеңінде самолетте біз Жүсекене ренжи бастадық.

– Немене шал, ашуың аспанды жерге түсіргендей еді, Шәкен келген сон, су сепкендей басыла қалғаның қалай?

– Ой, сендер не білуші едіндер! Шәкенді көргенде кеудеде ашу жүруші ме еді. Ол сондай ғой... Ол сондай!.. Күлімсіреп, жарқ етіп кіріп келгенде... қайдағы ашу?! Керемет қой ол, керемет!.. – дегенмен басқа Жүсекен сөз таба алмады. Аздан сон “осының озінің бір сыйқыры бар ма деймін, әйтеуір адамды баурап алып кетеді”, – деді.

\* \* \*

Шәкен екеуімізді жұрт айыра алмайтын. Менің өз ойымша, екуміздің үқсастығымыз жоқ сықылды. Бірақ кездейсок жолыға кеткен адамдар “Ассалаумагалейкүм, Шәкен аға”, – деп, болмаса, ұлкендері “Қарағым, Шәкен, амансың ба?” деп талай тоқтатты. Тіпті, кейде кошеде тоқтатып алып, мұнмұқтаждарын айтып, қалай да жәрдем етуімді тілек ететіндер де үшырасатын.

Кобіне мен “Шәкен емеспін, Шәкеннің інісімін” дегенде сенерін де, сенбесін де білмей таңырқай, кешірім сұрап, басын бір шайқап жүре береді. Не болмаса кино жайын өнгіме етіп, пәлендей фильм сондай жақсы түсірілгенін, әйтпесе, театрда пәлендей рольді сондай тамаша ойнаганымды айтып, қаннен-қаперсіз шұбырта жөнелетіндер де кездесті.

Кейде тіпті болмаган жағдайда, Шәкен болып кино, театр туралы озімнің білгендерімді айтып талай рет жауап та беруіме тұра келді.

“Қалай осы жұрт бізді сонша үксатады?”, – деп ыза болатын жағдайым да бар. Мен өзімнің қызымет бабыма қарай елді коп аралаймын. Қазақстанда, бүкіл Совет Одағында бармаған жерім аз. Сондай шығармашылық сапарлармен Совет Одағының қай бұрышына барсам да, Шәкенді жақсы білетін адамларды көп кездестірдім.

Осы адамлардың барлығы Шөкен туралы сондай жылы лебіз білдіріп, жүректен шыққан сүйіспеншілігін сездіреді. Мұны естігенде әр уақыт мерейім осіп, кеудемді мақтаныш кернейді.

“Халық сүйген, ел аузында қалған”, – деген осы екен ғой деп те ойлаймын. Елмен тіл табысып, халқының ойынан шығу, үлкенмен үлкенше, кішімен кішіше соз жарыстырып, үғынысып кету де үлкен онер емес пе? Мұндай жағдайдаң өзі әр адамның қолынан келе де бермейді ғой.

“Осы Шөкеннің нендей қасиеті бар? Жұртты қалай үйріп алып кетеді?”, – деп талай рет ойланым да, үйреніп те кордім. Бірақ, бұл үйренетін зат емес, тек табиғаттың жекелеген адамдарға берген дарыны екен.

Сондыктан да оның атына айтылып жататын “Оркениң оссін, қарағым! Коп жаса, бала-шағанның” игілігін кор. Халқың үшін қажымай еңбек еткеніңе коп-коп рақмет!” – деген алғыстар Шөкеннің үлкен таланттының жемісі сықылды корінеді маған.

Шөкен сахнада озін еркін үстайтын. Ол сахнаға шыққанда жүрексінгені білінбей, озі ойнап жүрген кейіпкердің жан дүниесіне еніп, соның қимыл-әрекетімен, ой-пікірімен, ішкі сырымен қоян-қолтық араласып кететін. Халықтың Шөкен ойынын сүйіп, жақсы коретіні сондықтан ба деймін. Не керек, омірге ерекше келіп, ерте кетіп қалды ғой.

Шөкеннің досы, тәжік кинорежиссері, СССР халық әртісі Борис Кимягаров былай дейді:

“Шөкен Аймановтың қайда жүрсе де қолындағы домбырасынан екі елі айырылмайтыны жадымда мәңгі қалыпты. Фестивальдар мен съездерде, пленумдар мен экрандық туындыны откізулерде болсын, Москвада немесе Ленинградта, тіпті оның туған Алматысында ма, әйтпесе біздің Душанбеде кездестік пе, бәрібір домбырасы айырылmas серігі болатын. Әйтеүір маған баяу, биязы дауысы айырықша осер беретін. Домбыра оған камертон сияқты қызмет ететін. Ол ән сала білетін. Әлдебір сыйқырыл күш біткендей оның қолы шек үстінде тұрып алғанын коруғанибет еді. Ол дағдылы қалып-пен ойға шомып отырмай, шекті аймалағандай болатын. Домбыра оның озімен-озі оңаша қалуына комектесер еді. Оның арғы аталары ақын болған деген соз бар. Олең оқығанда ол түнді түнгө қосатын. Бұл, болқім, Шөкеннің омірбаяны мен қазақ киносының шежіресінде бетбұрыс болып қалған бейнені, данагой асыл азамат, асқақ ақын Жамбыл бейнесін жасауға комектескен шығар. Ол осылай мәңгіге есте қалды. Өзара қарым-қатынаста қарапайым болатын. Оның бойында